

Уржар ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 54-676/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қазанда № 7623 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 2-32/VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 26.04.2023 № 2-32/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАЙ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бүйрекіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес Уржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уржар ауданы бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 30.03.2022 № 14-220/VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Уржар ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі айқындалсын:

1) Уржар ауданы әкімдіктеріне бағынышты мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істейтін:

білім ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлер;

денсаулық сақтау ұйымдарындағы медицина қызметкерлері;

арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысатын әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының қызметкерлері;

мәдениет және спорт ұйымдарындағы мамандандырылған қызметкерлер;

2) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының ішінен:

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі

"Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

толық емес отбасылар.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 05.10.2022 № 18-301/VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

M. Акпеков

Үржар аудандық мәслихатының хатшысы

K. Карапев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК